



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Список использованных источников

1. Тиунов. Международное гуманитарное право: Учебное пособие 1998. — 312 с. - Международное право, европейское право
2. Лебедев А. Международное гуманитарное право и защита жертв вооруженных конфликтов. Запрещенные способы и средства ведения боевых действий // Ориентир. - 2011. - № 6.
3. Конвенция об улучшении участи раненых и больных в действующих армиях от 12 августа 1949г. //Права человека. Сборник международных документов. ООН. Нью-Йорк, 1989.С. 88-91.
4. Конвенция об обращении с военнопленными от 12 августа 1949 // Права человека. Сборник международных документов. ООН. Нью-Йорк, 1989.С. 88.
5. Конвенция о защите гражданского населения во время войны от 12 августа 1949г. //Права человека. Сборник международных документов. ООН. Нью-Йорк, 1989.С. 76.

УДК 341.1

ЮНИСЕФ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР: ӨЗАРА МИССИЯЛАР, НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

Турабай Құндыз Бахытбекқызы

turabay.kundyz@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Заң факультеті Халықаралық
құқық кафедрасының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – А.Қ. Құдайбергенов

1992 жылдың ақпан айында БҰҰ-ның Балалар қоры мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстан Республикасындағы балалар жағдайына баға беруге арналған алғашқы миссияны өткізді. Бұл миссия ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы қызметінің бастамасына айналды және осы қордың алғашқы жобасы Қазақстанда барлық балаларға қызылша ауруы мен полиомиелит жұқтыруға қарсы вакцинациялау бойынша науқан өткізуге байланысты болды. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы 1994 жылы 8 маусымда тәуелсіз Қазақстан Үкіметі ратификациялаған тұңғыш халықаралық шарт болып есептеледі. Бұл құжаттын халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаларының басымдылығын ескере отырып, оны мойындаған сәттен бастап, Қазақстан конвенцияға сәйкес өз заңнамасын келтіру үшін халықаралық міндеттемелерді өз мойнына жүктеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы мен оның факультативтік хаттамаларының іске асырылуы туралы мерзімдік есептер дайындауға ерекше назар аударып келеді. БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетке осы кезге дейін төрт есеп дайындалып, ұсынылды.

Кез келген ел үшін басты байлық бала болып табылатындықтан, Қазақстандағы ЮНИСЕФ барлық қазақстандық балалардың өмірін жақсартудың инновациялық тәсілдерін тұрақты түрде дамытып отырады. Біздің елдегі ЮНИСЕФ-тің басты мақсаты балалардың осал топтарына көңіл бөле отырып, Қазақстанның мемлекеттік органдарына балалар өмірінің сапасын жақсарту, сонымен қатар гендерлік теңсіздікті ескере отырып, қала мен ауылдық жерлер арасындағы аймақтық теңсіздіктерді қысқарту саласындағы қызметіне қолдау көрсету болып табылады. ЮНИСЕФ қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен ынтымақтаса жұмыс істемеген жағдайда осыншалықты тиімді болмас еді. БҰҰ және әлеуметтік органдар қол қойған 2010-2015 жылдарға арналған бес жылдық Елдік бағдарлама аясында ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Сыртқы істер министрліктерімен және Қазақстан Республикасының Парламенті – Мәжіліс пен Сенатпен өзара іс-қимыл жасайды.

Сонымен қатар ҚР Ішкі істер министрлігімен, ҚР Әділет министрлігімен, ҚР Ұлттық экономика министрлігімен, ҚР Статистика агенттігімен, еліміздің зерттеу және білім беруші институттарымен бірлесіп, жобаларды іске асырады. Яғни біздің қоғамдағы әр баланың өміріне барынша көмек беру үшін жергілікті билікпен және сенімді серіктестермен жоғарыда айтылған бағдарламалар мен жобалар тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Еліміздегі ЮНИСЕФ балалар қажеттілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметіне бағдарламалар, науқандар мен әдістемелерді жобалауда балаларға және білімді басқаруға бағытталған әлеуметтік саясат, балалар мүдделерін көздейтін серіктестік, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау және оларды дамыту, сонымен қатар баланы қорғау бағыттары бойынша қолдау көрсетеді. ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы жалпы қызметі мына кешенді бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады:

1. ЮНИСЕФ әйелдер мен балалардың жағдайы туралы ақпарат жинауда гендерлік айырмашылықтар, материалдық жағдай және түрлі этникалық топтарға байланысын, олардың орналасқан жерін ескере отырып, маргиналды және осал топтардың жағдайы мен айырмашылықтарына ерекше көңіл бөлетін мемлекеттік саясатты құруды қолдайды. ЮНИСЕФ-тің серіктестерімен бірге Қазақстан әйелдер мен балалар туралы ақпаратқа, сонымен қатар БҰҰ-ның бала құқығы туралы конвенциясының Қазақстан Республикасында орындалуы бойынша есепті жасауда мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауға қолжетімділікті жеңілдету мақсатында «білім банкілерін» құрды.

2. «Балаға мейірімді қала» бастамасы – ең маңызды мақсаты жергілікті билік пен қоғамдастықтар деңгейінде баланың негізгі құқықтарын іске асыруы бойынша халықаралық бастама. Бұл бастама БҰҰ-ның Балалар құқықтары туралы конвенциясының жергілікті деңгейде іске асырылуы болып табылады. Балаға мейірімді қалада әр бала шешім қабылдау үдерісінің белсенді қатысушы болады, себебі олардың дауыстары мен пікірлері міндетті түрде назарға алынып, ескеріледі. Қазақстанда БМҚ бастамасын іске асыру 2006 жылы басталды, бүгінгі күні ол 20 қала мен ауданды қамтиды. БМҚ-бастамасы аясында ЮНИСЕФ бүкіл Қазақстан аумағында балалар құқықтарын іске асырудың толық бағыты бойынша жұмыс атқарады, осыған байланысты әр процестерді дамыту үшін теңсіздікпен, құқық теңсіздігімен күреседі. Балаға мейірімді қала бастамасы еліміздегі әр баланың толыққанды және жан-жақты дамуына, қоғам өміріне белсенді қатысуына, тікелей өз мүддесі үшін маңызды мәселелерге қатысты шешім қабылдауына мүмкіндік беретін қаланы құру мәселесімен айналысады. Бұл бастама 9 элементті қамтиды: балалардың қатысуы, балаларға мейірімді заңнамалық база, балалардың құқықтары жөніндегі стратегия, бала құқықтары бойынша үйлестіру тетігі, заңнамалардың балаларға әсерін бағалау, балалардың мүддесін көздейтін бюджет, «қаладағы балалардың жағдайлары туралы» тұрақты баяндама, балалардың құқықтары туралы хабардар ету және балалардың құқықтарын ілгері жылжытудың тәуелсіз тетігі.

3. ЮНИСЕФ-тің қолдауымен «Балаға мейірімді аурухана» жобасы аясында елдегі 29 босануға көмектесетін мекеме сансыз көп жаңа туылған сәбилер мен нәрестелердің өмірлерін сақтап қалуда. Ауруханалардағы бұл жобаның міндетіне барлық нәрестелердің дені сау болып дүниеге келуі, өсуі үшін неғұрлым дұрыс тамақтанудың жолы болып табылатын ана сүтін емуді қадағалау, ана мен бала өлім көрсеткіштері, ана мен баланың денсаулығын нығайту, олардың тамақтану жағдайы мен АИТВ профилактикасын жақсарту секілді кешенді сұрақтармен айналысу мәселелері кіреді.

4. ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі ҚР Үкіметі, ҚР Парламенті, ұлттық және халықаралық сарапшылар мен үкіметтік емес ұйымдармен бірігіп әйелдер мен балаларға қатысты ғылыми-зерттеулер және саясат талдауын жүргізеді. Сондай-ақ балалар мен әйелдердің құқықтарына мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялар, ұлттық заңнамалар мен қоғамдық бастамалардың қамту аймағы мен ықпалын қарастырады.

5. Қазақстан зілзала, су тасқыны, жар көшкіні, қар көшкіні, қысқы қауіп-қатерлер (қатты аяз, боран, бұрқасын кезінде), сонымен қатар ормандағы және даладағы өртті қоса алғанда, халықтың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп-қатер төндіретін апатты жағдайлар

саны жағынан қауіп-қатер тобындағы елдер қатарына жатады. Осыған байланысты ЮНИСЕФ-тің пікірі бойынша, сыртқы әсерге қауіпсіздік мәдениеті мен орнықтылықты қалыптастыру мектептен басталуы керек. Сондықтан ЮНИСЕФ Ізгілік көмек жөніндегі Еуропалық комиссиямен бірлесіп (DIPESHO), Қазақстан халқының осал топтары арасында апатты жағдайлар тәуекелін төмендету бойынша жобаны іске қосты, ол мектеп бағдарламаларына апатты жағдайлар тәуекелін азайту жөніндегі шараларды енгізу мен ендіруге бағытталған. Бағдарлама 60 мың оқушы мен 2636 мұғалімді оқыту арқылы, жалпы алғанда, Алматы облысы, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 500 мектебін қамтиды.

6. 1994 жылдан бастап БҰҰ-ның Балалар қоры әрбір бес жыл сайын шығарылатын Елдік бағдарламаның іс-қимыл жоспары (ЕБІҚЖ) деп аталатын екіжақты бағдарлама аясында Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп жұмыс жасайды. Бұл бағдарламаның ең басты мақсаттарына балалардың дүниеге аман-есен келу, тірі қалу, қорғану, даму, қамқор қоғам құру құқықтарын іске асыруда үкіметке қолдау көрсету болып табылады. ЮНИСЕФ-тің ЕБІҚЖ «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы, «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заң және басқалар секілді негізгі мемлекеттік бағдарламалар мен ел дамуының стратегияларымен келісілді.

2017 жылы ЮНИСЕФ-тің Қазақстан Республикасындағы қызметіне 25 жыл толады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері балаларды қорғау, оларды барлық жағдаймен қамтамасыз ету мақсатында көптеген жұмыстар жүзеге асырылды. Балалар қорының Қазақстандағы жетістіктерін атап өтетін болсақ:

- Вакцинациялау бойынша науқан өткізу ЮНИСЕФ-тің Қазақстан балалары үшін алғашқы жетістік. Бұл науқан арқасында 1994 жылы Қазақстанның ЮНИСЕФ-пен тығыз ынтымақтастығы басталғаннан бері қызылшамен ауыру жағдайлары жойылды, ал полиомиелит жұқтыру жағдайлары төмендеген. Біздің еліміз өңірдегі жаңа туған нәрестелерге В гепатиті вирусына қарсы вакцина егуді өткізген бірінші мемлекет болып есептеледі және осы әрекеті арқасында көптеген балалар өлімнен аман қалды.

- Балалар қорымен бірлескен күш-қимылының арқасында «мыңжылдық даму мақсаттары» және «бала өлімін азайту және аналар денсаулығын қорғауды жақсартуға» қол жеткізілді. 1999 жылдан бастап ана өлімінің жыл сайынғы көрсеткіші 50%-ға жуық қысқартылғанына қарамастан, бұл көрсеткіш әлі де мемлекет үшін жоғары. Балалар өлімінің деңгейі де шамамен 50%-ға төмендеді. Оның басты себебі ЮНИСЕФ қан аздығы ауруымен ауыру жағдайларын қысқартуда республиканың медициналық ұйымдарына белсенді түрде жәрдемдесті.

- Балалар мен ұрпақ әкелуге қабілетті әйелдер арасында қан аздығы мен оның салдарларының алдын алу үшін мемлекеттік органдар Балалар қорымен және серіктестіктерімен біріге отырып, темір және дәрумендер қосылған ұнды пайдалануды насихаттауға бағытталған әлеуметтік жұмылдыру науқанын өткізді. Балалар қоры әлеуметтік осал топтардан шыққан балалардың тағамын жақсарту үшін ұнды құнарландыруды қолдайды.

- Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен бірлесе отырып, «ASPERA» (Арал теңізі аймағында экологиялық және аумақтық жәрдем көрсету жөніндегі жоба) бағдарламасы аясында Арал теңізі аумағында мына бағыттар бойынша бес маңызды компонент іске асырылған: ана мен бала денсаулығын сақтау, барабар тамақтану, бастауыш білім беру, таза ауыз суы және талаптарға сай санитарлық жағдайлар. Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі темір қосылған дәрі-дәрмектерді жеткізді, материалды қазақ тіліне аударды, ақпараттық науқандар жүргізді. Нәтижесінде, бала өлімінің көрсеткіштері тұрақталып, республика бойынша микронутриенттер тапшылығы азайды.

- «Балаға мейірімді аурухана» жобасы аясында елдегі 29 босануға көмектесетін мекеме сансыз көп жаңа туылған сәбилер мен нәрестелердің өмірлерін сақтап қалуда. Қазіргі таңда

әйелдердің 95% медициналық мекемелерде босанады. 2016 жылғы статистика бойынша ана мен бала өлімі көрсеткіші 2009 жылға қарағанда 25,1%-ға төмендеп 8,9% құрады.

- ЮНИСЕФ негізгі ұлттық серіктестіктердің бірі – Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің Ұлттық орталығымен (СӨСҚМҰО) бірлесіп, барысында жастар денсаулығын сақтау орталықтары (ЖДО) құрды. Бүгінде Қазақстанның 13 өңірінде 33 ЖДО жұмыс істейді. Ал қалған қалаларда ЖДО ашу таяу арада жоспарлануда.

- Соңғы 20 жылда елімізде ерекше мұқтаждықтары бар балалар үшін көп нәрсе жасалды. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі 150 мыңнан астам бала бар. 2007-2008 жылдары ЮНИСЕФ Мүгедектер құқықтары туралы конвенцияға қол қоюға дайындық үдерісі аясында Қазақстан Үкіметіне «Арнаулы әлеуметтік қызмет туралы» Заң әзірлеп, қабылдауына қолдау көрсетті. ЮНИСЕФ сонымен қатар мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолдау көрсету моделін әзірлеуге және олардың балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерге қабылдануына ықпал етті. Бұл мәселеге қатысты Балалар қорының ең басты мақсаты халықтың неғұрлым осал топтарынан шыққан адамдар мен ерекше мұқтаждықтары бар балаларды кемсітушіліктен қорғау және де оларға төзімді, дұрыс қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру саласында мемлекеттік органдардың қолдау көрсетуі болып табылады.

- Балалардан бас тартудың алдын алу мен институционалдау тұжырымдамасын мемлекеттік саясат пен жергілікті органдар саясатының басым бағыттары тізіміне енгізуге жәрдемдесті. Сондықтан бүгінгі күні балалар үйлерінде тәрбиеленетін балалар саны 2014 жылдан бері 20%-ға азайып, олардың саны 30 мыңға жуық баланы құрайды.

- ҚР Үкіметінің арқасында жақсы дамыған ювеналды әділет жүйесін құру үшін және елдегі пилоттық жобалардың оң тәжірибесіне сүйеніп, 2007 жылы екі мамандандырылған балалар соты құрылды, 2008 жылы Ювеналды әділет жүйесін дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Жасаған құқық бұзушылықтары үшін жас балалар жазалаушы орындарға емес, оның алдын алу орындарына жіберілуіне ықпал етті. 2016 жылы Ювеналды сот 70-тен астам қылмыстық істі қарастырды. Бұл жүйенің басты қызметі қылмыстық іс-әрекеттерді жүзеге асырған балаларды жазалауға емес, қайта тәрбилеуге бағытталған.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде БҰҰ Балалар қоры балалардың денсаулығын сақтау, құқықтарын қорғау, әлеуметтік саясат және балаларды өмірге араластыру бағдарламаларын іске асыру арқылы еліміздің миллиондаған балаларының өмірлеріне ықпал етті. Яғни біздің қоғамдағы әр баланың толыққанды азамат ретінде қалыптасуына мүмкіндіктерді жасау жоғарыда айтылған бағдарламалар мен жобалар негізінде жүзеге асырылуда. ЮНИСЕФ-пен 22 жыл бойы бірлесіп жұмыс атқару барысында Қазақстан Республикасы еліміздегі барлық балаларға «Бала құқықтары туралы» конвенциясында көрсетілген міндеттердің орындалуы мен бала құқықтарын қорғаудың толық және тиімді заңнамалық базасымен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. Бұл «ЮНИСЕФ пен ҚР Үкіметінің 20 жетістігі» басылымында жоғарыда айтылған бағдарламалар мен жобалар 20 нақты нәтиже бергенін көрсетеді.

Сонымен қатар, ЮНИСЕФ пен Қазақстан арасындағы соңғы оқиғаларға тоқталсақ, 2017 жылдың 12 қаңтарында БҰҰ балалар қорының қазақстандық кеңсесінің өкілі Юрий Оксамитный және «Samruk-Kazyna Trust» қамқоршылық кеңесінің төрағасы Дархан Кәлетаев балалардың құқықтарын қорғау туралы өзара ынтымақтастық саласында меморандумға қол қойды. 2017 жылдың 2 наурызында Орталық және Шығыс Еуропа мен ТМД елдері үшін БҰҰ-ның Балалар қорының Аймақтық директоры Афшан Хан мен Төтенше жағдай және апат қаупін азайту бойынша орталық басшысы Валерий Петров Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы балаларға бағытталған гуманитарлық іс-қимыл мен апаттар тәуекелін төмендету бойынша стратегияларды дамыту мақсатында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Мұндай іс-әрекеттер Қазақстан мен ЮНИСЕФ арасындағы тиімді және жемісті ынтымақтастықтың жемісі болып табылады.

Қорынтындылай келе, бала құқықтарын қорғаудың халықаралық-құқықтық аспектілерін зерттеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ-тің тығыз

ынтымақтастығы нәтижесінде еліміздегі бала құқықтарының орындалуын қамтамасыз ету мен бұзылған құқықтарды қалпына келтіру бойынша қажетті шаралар қолданып жатыр деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Государственная политика по защите прав ребенка – Диссертация на соискание ученой степени доктора философии (PhD) – Айкенова Дина Маратовна, Астана, 2014 г.
2. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы зерттеулер, 2011 ж.
3. БҰҰ Балалар қорының ресми сайты <https://www.unicef.org>
4. Доклад ЮНИСЕФ «Анализ положения детей и женщин в Республике Казахстан», 2013 г.
5. «Қазақстандағы Балалар қоры мен Samruk-Kazyna Trust бала құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды», 12 қаңтар 2017 ж. http://www.sk-trust.kz/news/azastanday_b_yunisef_balalar_ory
6. Балаға мейірімді қала, Бастаманы Қазақстан Республикасында жүзеге асыру әдістемесі, 68 б., Астана, 2015 ж.

УДК 341.229

ЧАСТНЫЙ ПРОЕКТ MARS ONE: ПОЛЬЗА ЧЕЛОВЕЧЕСТВУ ИЛИ РЕАЛИТИ-ШОУ?

Шакенов Кайрат Жасталапович

academic7750@mail.ru

Студент 3 курса специальности «Международное право» Юридического факультета
ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан.
Научный руководитель – М.Ж.Куликпаева

В данной статье мы рассмотрим инновационный проект в сфере космического права, который был начат на частных основах. Данный проект позволит людям, заплатившим определенную сумму денег полететь на Марс в целях колонизации.

Что исключительного в данном проекте и в чём заключается наш интерес?

- Данный проект является флагманом в сфере международного космического права, первая уникальная возможность для человечества побывать на Марсе.

- Видеозапись происходящих событий, прямая трансляция. Будет доступна каждому желающему.

- Полет на Марс с последующим основанием колонии на поверхности планеты. Возможность полёта в один конец, что означает постоянное пребывание на Марсе без возврата на планету Земля.

- Исключительно частные основы, штаб состоящий из 8 человек.

Данные тезисы будут раскрыты в статье, с подробной информацией о проекте. Также будет сформулирована модель оценки всех рисков и особенностей данного проекта. В ходе статьи мы будем рассматривать проект и с юридической точки зрения, учитывая договор о космосе 1967 года и замечая некоторые правовые противоречия, пробелы.[1].

Что же такое Mars One? Частный проект, руководимый [Басом Лансдорпом](#) и предполагающий полет на [Марс](#) с последующим основанием колонии на его поверхности и трансляцией всего происходящего по телевидению. По заявлению самой организации она не является аэрокосмической компанией и все работы по разработке, производству и запуску космических аппаратов будут переданы субподрядчикам. Штат компании составляет 8 человек, находится в Нидерландах. В поддержку заселения Красной планеты выступили многие ученые из разных стран мира. Исследователями уже разработан план подготовки космонавтов к полету и их последующей высадке на планету. Запуск пилотируемого